



Мұнайлы Әлке

Газет
2009 жылдың
01 мамырынан
шығады

“Маңғыстаумұнайгаз” акционерлік қоғамының газеті
№13 (29), желтоқсан, 2011 жыл





Құрметті мұнайшылар!

1991 жылғы 16 желтоқсанда сандаған ұрпақтың арманы жүзеге асып, әлемдік өркениетке қосылған жаңа тәуелсіз мемлекет – Қазақстан Республикасының құрылғанына бүгін 20 жыл толып отыр. Әр азаматтың жүрегіне ертеңіе деген сенімді берік бекіткен – Ел Тәуелсіздігі, пшя мөнінде ең қымбат және ең басты елдік ұғым. Еліміздің Тәуелсіздігі – ұлтымыздың жеделден еркіндік аңсаған асқақ рухының және ұлт тарихындағы барлық азаттық үшін болған күрестердің жеңісі.

Тәуелсіздігімізді орнықтырудың ең қиын жылдарында халықтың көмелдігі мен Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көмеңгер саясатының нәтижесінде Қазақстанда ортақ мақсаттар жолында жұдырқыстай жұмылған елдің бірлігі, қоғамдық келісім қалыптасып, баршамыз мемлекетімізді бірлесіп құруға тарихи мүмкіндік алдық.

Еліміз, тәуелсіздік жылдары, Елбасы басшылығымен барлық ұлт пен ұлыстық бейбітшілік мекеніне айналып, толеранттылықтық ереже үлгісін жасай білді. Мемлекетіміз дүбірлі дамудың сара жолына түсті. Біз – экономикалық өсім, әлеуметтік игілік, саяси тұрақтылық, мәдени өркендеудің куәгері де, иегері де болдық.

Біз, болашақ ұрпақтың игілігі үшін, Тәуелсіздікті баянды етуге, көзіміздің қарапайымды сақтауға міндеттіміз. Бұл міндеттің орындалуы арман-тілегі бір Қазақстан халқының бірлігі арқылы жүзеге асырғы анық.

Қазақ елінің тарихындағы ең аяулы күн – Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында баршаңызға, Қазақстанның әрбір азаматына шынайы көздімен бақыт-береке, ынталық пен ауызбіршілік, мошшылық пен шаттық тілейміз!

Еліміздің болашағы жарқын, Тәуелсіздігіміз мәңгі болсын!

Құрметпен,

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры Мағауов Ә.М.



ТАҒАЙЫНДАУ



Болат Ақшопалақов

Ағымдағы жылдың 5 қазанында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының жаңа төрағасы болып, Қайығарлы Қабалдиннің орнына Болат Ақшопалақов тағайындалды. Маңғыстау облысына санары кезінде Болат Ақшопалақов «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұжымымен кездесті.

Болат Ақшопалақов 1971 жылғы 9 сәуірде Гурьев (қазіргі – Атырау к.) қаласында дүниеге келген. 1993 жылы Қазақ мемлекеттік басқару академиясын бітірген.

«Қазақстан Әлем Банкіде» бас экономист, бағалы қағаздар бөлімінің бастығы, Орталық Азия ынталықтасу және даму банкіде активтерді басқару департаменті директорының орынбасары, «Қазақойл УМК» ЖАҚ Теңіз жобасы департаментінің директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ атқарушы директоры болып жұмыс істеді. Энергетика және минералды ресурстар вице-министрі, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басқарушы директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі қызметтерін атқарған. 2010 жылдың шілдесінен бері «PSA» бас директоры.

Болат Ақшопалақов ұжымды жылы қарсы алғандары үшін алғысын білдіріп, қызметкерлерге сәбкте табыс тілеп, мұнайшылар 2011 жылды абыроймен шығарып салады деп сенетінін жеткізді.

«МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ «МАҢҒЫСТАУ МҰНАЙЫ, ГАЗ ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ» АТТЫ КӨРМЕГЕ ҚАТЫСТЫ

Қарама айының басында маңғыстаулықтар және қала тұрғындары үшін осымен алтыншы мәрте өткізіліп отырған «Маңғыстау мұнайы, газ және инфрақұрылымы» атты жыл сайынғы өңірлік көрме есігін айқара ашты. Көрмеге 8 елден келген 70-тен астам компания, соның ішінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ да қатысты.



Көрменің салтанатты ашылуы индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі Нұрлан Сауранбаевтың, Маңғыстау облысының әкімі Қырымбек Көшербаевтың, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Бас директорының бірінші орынбасары Владимир Миропинскийның қатысуымен жүзеге асты.

Облыс әкімі ашылу сөзін арнай келе, Маңғыстаудың ірі инвестициялық және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға дайын екенін жеткізді.

2017 жылға қарай облыс АЭС құрылысы бойынша жасалған жобаларды жүзеге асыруды жошарлап отыр. Ол өз кезегінде жаңа өндірістерге қажетті жоғары құтты қушпен қамтамасыз етеді. Келік инфрақұрылымды дамыту бағытында Жезказған-Бейнеу теміржол құрылысын аяқтау, Атырау-Бейнеу-Ақтүбә автожолдарын аяқтау, тығыз бір қалықаралық суықай Кеңдірліні жарату, мұнайды порт Құрықты салу да жошарларымыздың қатарында, – деді Қырымбек Көшербаев.

Өз кезегінде Нұрлан Сауранбаев жаңа жобалардың іске асуы және жұмыс орындарының құрылуы мұнай жобаларында қазақстандық мазмұнды үлесін көбейтуге зор мүмкіндік беретінін атап өтті.

Өткен жылдардағыдай көрмеде

мұнайгаз құрал-жабдықтары мен жаңа технологиялардың бай жиыны көрсетілді. Көрсеткіштер назарына «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметі туралы ақпарат ілінген стөнд (өндірістік процесс, құрал-жабдықтардың жаңалануы, әлеуметтік саясат және т.б.) ұсынылды.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ экспозициясы көрмеге келушілер мен отандық және шетелдік көсіпорындар өкілдерінде үлкен қызығушылық туғызды, – дейді өндірістік департаменттің ағымдағы жөндеу және ұңғымаларды үйлесімділеу тобының жетекшісі Ерлан Отаров. – Үш күн ішінде экспозицияны мыңнан астам адам тамашалады, біздің компанияның өкілдеріне консалтингтік қызметтер, мұнай өнеркәсіп құрал-жабдықтарын жеткізіп беру, қорғаныс құралдары, байланыс құралдары және т.б. салаларда ынталықтасу туралы отандық аса ұсыныстар келіп түсті.

Көрменің жұмысы өлемдік және отандық мұнайгаз нарығының үрдісінен қалыпай, қатысушыларға өз саласындағы жағдайын көрсетіп, әлеуетін танитұғы, іскерлік байланыстарды ыңғайтып, өзара өршестіктің аясын кеңейтуге мүмкіндік берді.

Есназар Сұлтанов

ТОЧНО В ЦЕЛЬ!

КОМАНДА АО «МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» ЗАНЯЛА ВТОРОЕ МЕСТО НА ТУРНИРЕ ПО СТЕНДОВОЙ СТРЕЛЬБЕ

В Ақтау состоялся турнир по стендовой стрельбе среди работников нефтяных компаний Мангыстауской области. В состязаниях стрелков приняли участие представители девяти нефтяных компаний региона. От каждой команды в турнире принимали участие по три стрелка. За сборную АО «Мангыстаумұнайгаз» выступили заместитель Генерального директора по социальным и административным вопросам Аскар Рахманов, заместитель начальника Службы безопасности Еркин Сатенов и начальник команды Службы безопасности Олег Обижасов.

Каждый стрелок сначала получал возможность произвести десять пробных выстрелов по мишени («летающая тарелка»). После так называемой пристрелки участники приступили к зачетным попыткам (20 выстрелов, которые шли как в командный, так и личный зачет).

В итоге победителем соревнований стала команда «Астра Стар» (43 точных попадания из 60), вторыми стали стрелки АО «Мангыстаумұнайгаз» (39 попаданий), замкнули призовую тройку представители ТОО «Тениз Сервис» (33 точных выстрела).

Не осталась без призов команда АО «Мангыстаумұнайгаз» и по результатам личного зачета. Среди 27 стрелков заместитель генерального директора Аскар Рахманов показал третий результат, отметившись 16 точными попаданиями из 20. Ну, а абсолютным победителем стал Нурлан Жалғасбаев, набравший наибольшее количество очков.

Соревнования среди нефтяников прошли на высоком уровне, в честной и бескомпромиссной борьбе, они не только выявили самых метких стрелков, но и дали возможность коллегам пообщаться в неформальной обстановке, найти общие интересы, обсудить некоторые рабочие моменты, так что я думаю – турнир по стрельбе во всех смыслах полезный и нужный, отрядно, что все соперники относились друг к другу с уважением и соблюдали правила спортивной дисциплины, – отметил главный судья турнира, охотник и заслуженный нефтяник Койшыбай Усенов.

К сожалению, нам немного не хватило для победы, но это спорт, всегда есть победители и проигравшие, хотя я не думаю, что второе место среди девяти компаний слабый результат. Уверен, что в следующий раз мы обязательно победим, тем более в нашей компании работает очень много хороших стрелков, которые по объективным причинам не смогли выступить в этих соревнованиях, – сказала по окончании турнира начальник команды Службы безопасности АО «Мангыстаумұнайгаз» Олег Обижасов.

Есназар Сұлтанов



НӘТИЖЕ КҮТКЕНДЕГІДЕН ДЕ АСЫП ТҮСТІ!

Жетібай кенорнында алғашқы рет көлденең бүйірлік бұрғылау әдісі қолданылды

Көлденең бұрғылау әдісі Жетібай кенорнындағы 3128 ұңғысында қолданылды. Аталмыш ұңғы 1994 жылы бұрғыланған болатын. Бұл айдама ұңғы сұйықты қабылдау үшін арналған. Бір сөзбен айтқанда, оның жұмысына келетін пайда шамалы еді. Ақырында, өндірістік аяпатта соң ұңғы әрекетсіз қорға ауыстырылды. Тек жақында ғана мұқият талдау мен зерттеулердің нәтижесінде мамандар бұл уақытта күрделі жөндеуден өтін үлгерген 3128 ұңғысына көлденең бүйірлік бұрғылау әдісін қолдану қажет деп шешті.

Ұңғыны көлденең бүйірлік бұрғылау 2011 жылдың 6 қазанында басталған болатын. 31 қазанда бұрғылау жұмыстары аяқталды. Бұл жұмыстарды «Сп Бу» ЖШС инженерлік-бұрғылау компаниясының мамандары атқарды.

Әрине, белгілі дәрежеде қиындықтар болды, біз бірақ жақсы нәтижелер күттік, және оған жеттік те, - деп ағынан жарылды «Манғыстаумұнайгаз» АҚ өндірістік департаменті тобының жетекшісі Нұрәліс Нукенов. - Қазіргі таңда тәулік сайын 100 текшеметр таза мұнай аламыз. Бұл біздің көзденімізден әлдеқайда көп. Сондықтан да Жетібай кенорнындағы ұңғыны көлденең бүйірлік бұрғылау әдісін қолданудағы алғашқы тәжірибеміз сәтті болды. Аталған ұңғыны игеру жұмыстарына қатысқан барлық мамандарды құттықтай отырып,


алғысымызды білдіреміз.

Соңғы жылдары Қаламқас кенорнында осы әдіс бойынша 14 ұңғы бұрғыланды. Ағымдағы жылдың тек қана тоғыз айы ішінде жаңа технологияларды қолдану нәтижесінде Қаламқас кенорнындағы қосымша мұнай өндіру көлемі 60 000 тоннадан асты (орташа есеппен бір ұңғыға 4000 тоннадан).

2012 жылы көлденең бүйірлік бұрғылау әдісі бойынша Қаламқас пен Жетібай кенорындарында 15 ұңғыны бұрғылау көзделіп отыр.

Айта кету керек, бұл технология (көлденең бүйірлік бұрғылау әдісі) мұнай өндіру деңгейін аздаған шығындармен және жаңа ұңғыларды бұрғылаусыз анағұрлым ұлғайтуды қамтамасыз етеді. Көлденең бұрғылау технологиясының тиімділігі өнімді

Көлденең бүйірлік бұрғылау



қабатты көлденең бұрғылау түйіскен аумақпен қабаттың ұңғы өзегімен өзара әрекетін ұлғайтады, қабаттың забой маңындағы іріктеу кедергілерінің төмендеуіне, ал нәтижесінде ұңғы дебиті мен

мұнай беру коэффициентінің анағұрлым өсуіне алып келетін іс-әрекетке негізделген.

Қаспороңдар бақылауы бойынша мұнай қабаттындағы ұңғы ұзындығы ұңғы бұрғылауының көбеюінің 10°-тан 45°-қа дейін арттырғанда дебиттің 30% ұлғайымен бірге жүзеге асады, 60 ° бұрғылауда дебиттің ұлғайуы 50% құрауы мүмкін. Бұдан да жоғары нәтижеге қабат бойымен ұңғының көлденең өтуі нәтижесінде қол жеткізуге болады.

Ұңғыларды бүйірлеп және көлденең бұрғылаудың экономикалық тиімділігінің тағы бір қырлары қатынас жолдарын салу қажеттігі болмайды, құрал-жабдықтар мен материалдарға келетін шығындар азаяды, қоршаған ортаға зиян келтіруші әрекеттер де төмендейді.


Аталған әдіс Қазақстанда алғаш рет 2007 жылы Құмыл кенорнында қолданылған болатын. Маңғыстау облысында көлденең бұрғылау әдісі Солтүстік Бозашы кенорнында жүзеге асырылды.

«Манғыстаумұнайгаз» АҚ 2010 жылы желтоқсан айында алғаш рет Қаламқас кенорнында №2357 ұңғы көлденең бүйірлік бұрғылау әдісімен бұрғыланды.

Осы технологияны қолдануға кандидат-ұңғыларды таңдауды «Манғыстаумұнайгаз» АҚ геология және кенорындарды барлау департаментінің мамандар тобымен, «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ және «Жетібай-мұнайгаз» ӨБ геологиялық қызметтері, сондай-ақ «ҚазНИИМұнайгаз» АҚ және тағы да басқа ғылыми институттардың мамандарымен бірлесіп отырып жүргізеді.

Есғазар Сұлтанов

Жетібай кенорнындағы №3128 ұңғыны көлденең бүйірлік бұрғылаудан кейінгі мұнай, сұйықтық және суландырулардың тәуліктік орташа қозғалысы



Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20-жылдығына арналған спорт жарыстарының кестесі

Жарыстарды өткізу орны мен уақыты:

1. Кіші-футбол – 16.12. – 17.12.2011 ж. «Ақтау» сауда ойын-сауық кешені
2. Волейбол – 17.12. – 18.12.2011 ж. «Ақтау» сауда ойын-сауық кешені
3. Үстел теннисі – 18.12.2011 ж. «Ақтау» сауда ойын-сауық кешені
4. Шахмат – 17.12.2011 ж. «ММГ» АҚ ақт залы
5. Бильярд - 17.12.2011 ж. сағ. 15.00, «Ақтау» сауда ойын-сауық кешені
6. Нысанға ату – 18.12.2011 ж. Ақтау қ. полигоны
7. Боулинг – 17.12.2011 ж. сағ. 15.00. «Ақтау» сауда ойын-сауық кешені

Жарыстардың салтанатты ашылу рәсімі «Ақтау» сауда ойын-сауық кешенінде 16.12.2011 жылы сағат 18.00-де, басталуы сағ. 18.30-да болады.

Қорытынды ойындар «Ақтау» сауда ойын-сауық кешенінде 18.12.2011 ж. өтеді.

Ұйымдастыру комитеті

ҮЗДІК ТАБЫС БАР!

2011 жылдың 27 қарашасында «Манғыстаумұнайгаз» АҚ тарихында айырықша мәнді оқиға орын алды.

Яғни осы күні соңғы 17 жыл ішінде болмаған тәуліктік мұнай өндірудің рекорды жаңарды!

27 қарашада тәуліктік мұнай өндіру көлемі 15 944 тоннаны құрады («Қаламқасмұнайгаз» ӨБ – 11 660, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ – 4284). Естеріңізге сала кетейік, соңғы рет тәулігіне 16 000 тоннадан астам мұнайды тек 1993 жылы өндіру мүмкін болған еді (16586 тонна).

Мұнай өндіру көлемінің артуы эксплуатациялық ұңғы қорының жұмысын оңтайландыру, жаңа технологиялар мен құрал-жабдықтарды пайдалану есебінен қабаттық мұнай беруді артуына бағытталған геология-техникалық іс-шараларды тиімді жоспарлау мен бағдарламаларды іске асыруға байланысты мүмкін болды – дейді

«Манғыстаумұнайгаз» АҚ өндірістік департаментінің мұнай және газ өндіру жөніндегі жетекші инженері Нәбишев Әділбек. – Бірақ, ең бастысы, менің ойымша бұл көрсеткішке біз мұнайшылардың жан аямай еңбек етіп, кенорындарында қиат табиғат жағдайларына қарамастан өз жұмыстарын адал ниетпен сапалы түрде орындап жүрулері арқасында жеттік. Мен «Манғыстаумұнайгаз» АҚ ұжымын және сервистік қоспорындарды осынау айтулы оқиғамен құттықтағым келеді. Бұл – Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20-жылдығына үлкен сый болмақ!

Есғазар Сұлтанов



Маңғыстау мұнайының тарихы 1961 жылғы шілденің 6-сынан бастау алатыны белгілі. Дәл осы күні Жетібай кенорында № 6 ұңғыдан мұнайдың құатты бұрқағы аспанға атылды. Көптен күткен жаңалық сол бойда шұратартақ жетіп үлгерді. Кейін Маңғыстау түбесінің өндірістік игерілуіне үлкен үлесін қосып, қазақ мұнайының белді өкіліне айналған ірі тұлға Нұрлыхан Бекбосынов осы тарих күнінің күрөсі болды: ол мұнай алаңында қарапайым жұмысшы болатын-ды.

НҰРЛЫХАН БЕКБОСЫНОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ МҰНАЙЫ

— Ежелден адамзатқа қоныс болған дәстүрлі, киелі Маңғыстауда мәсиптабы түрде мұнай іздеу басталған кезең. Гурьев мұнай техникалық бітіріп келіп, жұмысты Қаратон мұнай кәсіпшілігінде моторист болып бастадым. Осы кезде Маңғыстауға аттанатын Салық Рысқалиевтің бригадасына қосылды, осында келдім. Маңғыстау — менің кишіл қаным тамған жерім, сондықтан болар ол жаққа баруға қатты асықтық. Фонтан атылар сәт әлі көз алдыда. Жер астынан бір қыты үрейлі туіл естілді. Бір кезде жер бетіне норменің қызыл-сары сұйықтары ағылды келіп (бір қытығы, қара мұнай жер қойнауынан шыққанда осындай түсте болады).

Жас Нұрлыханым күнделікті шаруасы шелекпен дизельге су тасу. Ол кездің бұрғылау қондырғылары электр құатымен емес, дизельмен жасайды. Мотордың әрқайсысына (әр бұрғылау қондырғысына үш немесе бес мотордан болатын) ертемен жүзден астам шелек су құю керек болатын.

— Мұнайшылар жерден қазып алған жоржолдарды тартып-ды. 1958 жылы бригадалықпен Қызыл-Түбәжікке келдік. Жоржос қазып алдық, төбесін қамыспен жаптық. Ішіне темір керует қойдық. Жағдайымызға өзімізді ризымыз, бұдан да бетерді көрген соғыстан кейінгі ұрпаққа бұл жеркелер бейне бір тастан салған үйдей еді, — деп еске алады сол күндерді жарт мұнайшы. — Асхана да сондай бір жеркеленде орналасты. Ылмас-ақ ташы, бәріне жетпейді. Кезектесіп, әйтпұл-бүйтін әйтеуір ішеміз таямақты. Әрқайсымыздың жеке қасығымыз болатын-ды, оны естігізіңді қонашына салып жүретіңбіз. Сол жылды мені дизелстен машинист-электрикке ауыстырды. Маңғыстаудағы мұнай барлау-бұрғылау жұмыстарының 1957 жылды бастағанын білеміз.

Бірақ Түбәжік-Қызыл алаңдарынан мұнай табылмай, барлаушы-бұрғылау Жетібай мен Өзен алаңдарына қарай бағыт бұрды. Жетібайдағы алтыншы ұңғыны оның алдында апараты режимге қойған болатын. Кейде үлкен тереңдіктерді қазған кезде қабақтар онырылып, құралды шығара алмайтынсың. Тұрбалар жер астында қалып қояды. Бір күні осы апараты ұңғыдан мұнай атпасы бар ма?! Мұнай жөйдей болып жерге төгіліп жатыр. Біз мөз болып, қара мұнайға шомылып жүрміз. Енді оны ауыздықтау керек. Бізде ондай мұнай жоқ. Бақуден мамандарды шақыртты. Шешім іздешілердің қатарында мен де бармын, өйткені бұл кезде мен «Мангышлакнефтегазразведка» трестінің бас инженері болдым. Бірақ кезде мен «Мангышлакнефтегазразведка» трестінің бас инженері болдым. Бірақ кезде мен «Мангышлакнефтегазразведка» трестінің бас инженері болдым.

комитетінде қорғап шықты. Енді оны жайластыру мәселелері тұрды. Бұл кездері мен кенорындағы жұмыстарға өбден төселіп, үйренісіп кеттім. «Казактаннефть» бірлестігінің басшылары Бақуден келген мамандар — Чешлаков пен Смольников дегендер. Олар маған: «Сен дизелистсің, ал бізге электр тоғымен жұмыс жасай алатын мамандар керек. Сенің дизелің керектен қалды, бізге жоғары білімді электр мамандары керек» деген сөздері намысыма тиіп кетті. Бұл кезде менің отбасым, екі балам бар. Соған қарамастан мен Ресейге барып, институт түстім. Исаево қаласындағы энергетикалық институтының күндізгі бөлімінің студенті атандым. Осы тұста Халел Өзбекқалиев үлкен ағалық қамқарлығын көрсетті. Ол кезде «Мангышлакнефтегазразведка» трестінің бастығы. Партком төрағасы — Рахмет Өтесінов. Олардың айтқандары — отбасыда уайымдама, оқуыңды алаңдамай оқы бер деді. Оқуға өндірістік жолдамамен түстім, әйелімді бұқалтар қылып, ағамды қоймалардың біріне қарауыл қылып алды. Бөрінің де сөзі түсті. Институт қабырғасында да жақсы жігіттермен жолдас болдым. Қасымда Важенев деген группаласым оқуымды Верхневолжск теңізэлектростанциясына апараты бригадала жұмысқа орналасып алдық. Екеуімізді бір оқладқа алды. 3 күн мен істейтінмін, 3 күн ол жасайтын. Соған 93 сом ақша алатын едік. Бұл оқуымызға молына жететін-ді. Оған қоса өткендіміз бар.

Сөйтіп бес жыл да өте шықты. Маңғыстауға оралдым. «Казактаннефть» басшысына келдім. Қолымда «қызыл» диплом. Сөйтсем, мені бесінші разряд электр қылып алам дейді. Мен оған: «Мен жоғары білімді маманмын, оның алдында жаспаған еңбек өтілім бар, сонда бұл қалай болғаны?» — деймін әлгі. «Жоқ, айтқаным айтқан» деп болмады. Ақыры Өзен кенорына жұмысшы-моторист болып орналастым. Бұл кезде «Узеньнефть» мұнай-газ өндіру басқармасының бастығы — Рахмет Өтесінов.

Осы тұста Нұрлыханым ұйымдастырушылық және өз ісіне аса жауапкершілікпен қарайтын қабілеті де көріне бастады. Оған Өзен мұнай өндіру басқармасының бас энергетигі қызметі жүктелді. 1970 жылдардың басында кен орнында жыл сайын 120-140 жаңа ұңғылар, мұнай жинайтын 5-6 топтық қондырғы, кәсіпшілік ішінде 350-400 шақырмадық өткізгіш құбырлар төселіп іске қосылып отырды. Бұларға қосымша әлеуметтік сала объектілері де жоғары қарқынмен салынып жатты. Тек жыл сайын іске қосылуға тиісті тұрғын үй келемінің өзі 60 мың шаршы

метрден артық болмаса, еш уақыт төмендемеген емес. Нұрлыхан осындай жұмыстарды ұтымды ұйымдастырып, шебер басқара білді. Көп ұзамай басқарма бастығының күрделі құрылым жөніндегі орынбасарлығы қызметіне жоғарылатылды. Бұл кезде Жаңаөзен қаласын салу жөніндегі объектілері мен завод құрылыстарын салуға да қатысты мәселелерді дер кезінде шешіп отырды.

Нұрлыханға қай жерде қандай қиын мәңдеп жүктелсе де оларды сәтті орындап отырды. Әрі алған білімі мен игерген мамандығын еш уақыт қанағат тұтқан емес. Енді ол Москвада Губкин атындағы атықты мұнай институтында оқып, мұнай және газ кен орындарын игеру жөніндегі маман-инженер деген диплом алды шықты.

1974 жылы мұнайлы өңір Маңғыстау облысы болып өз адына өту құрды.

Мұнай-газ кен орындарын игеруді жетік маманы және тәжірибелі өндірісші ретінде сол жылы Нұрлыхан Бекбосыновқа Жаңаөзен қалалық партия комитетінің өнеркәсіп, транспорт және қаланың коммуналдық жүйесіне жауапты өкініні жапшылыға жүктелді. Бұдан кейін көп көпшілікте енді, жоғары кәсіптік дайындығын өткізілген саяси басқарушылар дайындығын сол кездегі бірден-бір КОКП (КПСС) Орталық Комитетінің жаңындағы қоғамдық ғылымдар Академиясына оқуға жолдама беріліп, оны бітіріп келгеннен кейін қалалық комитеттің бірінші хатшылығына сайланды.

Сөйтіп, Нұрлыхан Бекбосынов өмірінің тағы бір жаңа кезеңі — партиялық жұмысы басталды. Қалағы басқарған ол жылға жуық уақыт ішінде оны әлеуметтік жағынан өркөндетудің көпөнді бағдарламасын дөйекті жүзеге асырды. Жаңаөзен республикадағы өрікөрісті, әрі жақ калыптарын біріне айналды. Тұрғындары негізінен мұнайшылар мен осы сала кәсіпорындарын салушы құрылымдары болатын. Бұл жылдарда әлеуметтік маңызды зор көптеген объектілер салынды. Атап айтқанда — мұнайгаз мамандықтары дайындығын техникум және облыстағы тұңғыш медицина училищесі ашылды. Енді өзінен күбәрен су жеткізіліп, қалалық су тазарту мекемесі, жахталық және қалыңдық автобекет, Мәдениет сарайы, Пионерлер сарайы, Спорт көпөңі, қоғамдық суда орталығы, санитария-профилактикалық, пионер лагері, нан және сүт зауыттары,



басқа да көптеген әлеуметтік нысандар пайда болды. Сол тұста жалғыз Маңғыстау өңірінің ғана емес, Қазақстанның тұс-тұсынан қызықтап, демалуға баратын, Жаңаөзеннен 60 шақырым жердегі Каспий теңізінің жағасындағы қайраңда орналасқан мұнайшылардың Көндірілі деп аталатын демалыс аймағы жасалып, Жаңаөзен мен екі арада жақсы асфальт жол салынды.

Бірінші хатшы өзінің жан-жақты кәсіптік дайындығын және ұйымдастырушылық қабілетін өндірістің шешуші түйіндеріне шоғырландыра білуінің нәтижесінде Жаңаөзен қаласының еңбек ұжымдары ұзақ уақыт, дәлірек және газ кен орындарын игеру мұнайдың деңгейін сала министрлігінде бекітілген 10 мылштон тоннадан бір те төмендеткен емес. Нұрлыхан Бекбосынов Жаңаөзен қаласы партия ұйымдарының басында болғанда, КОКП Орталық Комитетінің, КСРО Министрлер Кеңесінің және ВЦСПС-тің ауыспалы туларымен және Құрмет грамотасымен қатарынан екі мәрте марапатталса, қаланың кәсіпорындары бірнеше рет Бүкілодақтық салалық жарыстардың жеңімпазы атанды. Бұл марапаттар айтпағанда, бірақ сол салтанатты рәсімдер тасасында ауқымды да, өте күрделі, қиын еңбек процестері жатты.

1987 жылы партия ұйымдары Нұрлыхан Бекбосыновты КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігінің жүйесіндегі ең ірі кәсіпорындарының бірі, 35 мың еңбеккері бар 60-тан астам кәсіпорынды біріктіретін «Мангышлакнефть» өндірістік бірлестігінің бас директорлығына ұсынып, ол лауазымы бұрынғыдан қандай жоғары болса, жауапкершілігі одан да артық жұмысқа жіберілді.

Еңбекорымы мен ойлаған ісін тиянақтамай көңіл тынышпайтындығы — тұла бойындағы туа біткен қасиеті болып табылатын, бірлестіктің бас директоры өзіне жүктелген жаңа жұмыс орнында да өндірістік және әлеуметтік мәселелерді бір-бірінен бөліп қарамай, екеуін де бір деңгейде ұстай отырып, сол кездегі Шевченко, қазіргі Ақтауда ғана емес, республикалық Алматыдан басқа жерлерінде де болмаған, заманауи

диагностикалық жабдықтармен жарақтандырылған аурухана комплексін іске қосуға, сала министрлігін мезі ете жүріп, Ақтау қаласында мұнайшылар тұрғын үй салуды жеткілікті қаржыландыру жөніндегі шешімді шығартуға қол жеткізді. Бұдан бөлек қалада салынатын тұрғын үйді екі — Мұнайгаз индустриясы және «Средмаш» министрліктері тең бөліп жүргізіліп болды. Ақтауда, теңіз жағасында 320 орындық пионер лагерін, мұнайшылардың 500 орындық демалыс аймағын іске қостырды. Нұрлыхан Бекбосыновтың ерекше аған етуді талап ететін бір еңбегі — Ақтаудан 40 шақырым жерде құрылымсыз бастыған мұнай мен газды терең өңдейтін зауыт құрылысы.

Қазақстан тәуелсіздік алған тұста Елбасы Нұрлыхан Бекбосыновқа мұнайгаз саласының министрлік дәрежесіндегі құрылымның қорамынсыз жаңа жағдайына сәйкес келетіндей етіп, жаңадан жасалп шығару міндетін жүктеді. Бекбосынов нәтижесінде Президент үмітін абыроймен ақтап шықты. Мұнайгаз саласын басқаратын жеке министрлік деңгейдегі саланың жаңа мемлекеттік басқару аппараты құрылып, қажетті кадрмен толықтырылды, оған жеке дара ғимарет алынып, қажет коммуникация жүйесі жасалды.

Қазақ мұнайының қалыптасып, аяғынан нық тұруына үлкен ықпал еткен, тарихи тұлғалардың бірі Нұрлыхан Бекбосынов бүгіндері зейнеткерлікте. Бірақ оған қарамастан ол қол қусырпатын жоқ. Мұнай компанияларына мұнай мен газдың техникасы мен технологиясы жөніндегі кеңесшісі.

Жарты ғасырдан астам уақыт бойына туған жерінің ыстығына күйіп, сунғана тоғған, арпы жапыла садақа қылып тұйық ел ағасы Нұрлыхан Бекбосыновты Қазақстан тәуелсіздігінің 20-жылдық мерейтойымен құттықтай отырып, оған зор денсаулық, мол бақыт тілейміз!

Мақаланы дайындау барысында журналист Сәлігерей СҰЛТАҒАЛИЕВТЫҢ материалдары пайдаланылды



«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы геология және кенорындарды пайдалану департаментінің Геология және жобалық құжаттарды жүргізу бөлімінің бастығы Алма Асылханова белгілі мұнайшылар әулетінен. Алматы соғыстан кейінгі кеңес экономикасының қарқынды дамып бастаған кезеңінде дүниеге келіп, ал саналы ғұмырларының басталуы Кеңестер Одағы мемлекетінің құлдырауына тұспа-тұс келген, одан кейінгі өтпелі 90-жылдар қиыншылықтарынан мойымай өтіп, қазір ел экономикасының мықты тірегіне айналған жоғары дәрежелі мамандар легінің көрнекті өкілі деуге әбден болады.

— Алма, сіз өлкемізге белгілі мұнайшы Салмажан Асылхановтың қызысыз, ал нағашыңыз - қазақ мұнайшының абызы атанған Сафи Өтебаев. Осындай отбасында дүниеге келген сізге «мұнай мамандығын қалауыңызға не себеп болды?» деген сұрақты қоямыз өзі орынысыз деп ойлаймын...



— Әрине, мұнайшылар әулетінде дүниеге келесін жерде, туған-туысқандарымыздың, ата-анамыздың ықпалы болған жоқ емес, болды, әрине. Бірақ мамандық таңдауда інім скеумізге еркіндік берілді. Біз мұнайшы мамандығын таңдадық. Мен мектепті 1981 жылы бітіріп, өкөм оқиман оқу орнына түетім. Мұнай индустриясының небір майталмандары бітірген Губкин атындағы білім ордасында мен бес жыл оқып, оны 1986 «кенорын геологы» мамандығы бойынша бітіріп шықтым. Бұл бір керемет кезеңдер



кенорындағы МГОЦ-3-ке жіберді. Мұнда мен бір жыл жасадым. Келесі жылы ҚазНИПИМұнайгаз 3-категориялы инженер-технолог ретінде орналастым, мұнда 1991 жылдың аяғына дейін жасадым. Сөйтіп өндірістің алғашқы бес жылым да өтті. Осы жылдары маған өндірісте жинақтаған тәжірибемді ғылыми тұрғыдан жазып шығу, мұнай ғылымы саласына өз үлесімді қосу туралы ой келді. Бұл нағыз қоғам өмірінің шилесінісі тұрған кезең еді. Кеңес мемлекетінің ыдырап, әр одақтас республика өз алдына отау құрып

кенорын игеру зертханасына аға ғылыми қызметкердің міндетін атқарушы болып орналастым. Мұнда біз Өзен мен Қарамандыбас кенорындарын игеру бойынша авторлық қадағалау жұмыстарын жүргіздік. 1996 жылдың наурыз айынан 2001 жылдың наурызына дейін мен «Маңғыстаумұнайгаз» мекемесінің инженерлік орталығында Қаламқас, Жетібай, Шығас Жетібай, Оңтүстік Жетібай, Асар, Бұрмаша, Оймаша, Ащыағар, Айрантақыр, Придорожное, Солтүстік Аккар, Бектурым, Атамбай-Сарғөбе, Солтүстік

Інім де, айтып кеткендей, мұнайшы. Оның да бітіргені Губкин институты. Қазір ол Сауд Араб еліне жұмыста.

— Қарап отырсаң, жұмыс тәжірибеңің өте бай екен. 25 жыл еңбек жолыңыңда сіз Маңғыстау кенорындарының барлығына жұмысына қатысты жұмыстарда жасансыз. Қандай қиын кезеңдерде де өз мамандығыңызға берік болған екенсіз. 90-жылдарда өндірісте бірталай қиындықтар болғанын білеміз: айлқ төленбей, жалақыны тауармен берген кездер де болды. Сол кезде көп жоғары білікті мамандар баззеске, басқа салаларға көтті.

— Ия, тоқсаншыны жылдар дүрбелені мұнай өндірісіне де әсер етті. Бұрынғы одақтық мұнай министрінің жоқ, өз алдымызға ел болып, жаңа министрлік құрылып, өндірістің нарықтық экономикаға бет бұрған кезеңі. Бүкіл қоғамның, экономикамын түбегейлі өзгеріске ұшыраған кезі. Қиындықты бір кісідей көрдік, елдің басызға түскенді көптен бірге жөтердік. Бірақ мұнай өндірісінің экономикамын өзгеі екенін бітесін жерде, шыдап бақтық, жарқын болашақ-

Алма АСЫЛХАНОВА: “Мен мұнайшылар әулетіненмін...”

— Ия, мен мұнай өндірісімен тығыз байланысқан әулетте дүниеге келдім. Батыс Қазақстан — еліміздің мұнайлы аймағы, ал осыдан бір ғасырдан аса уақыт бұрын мұнай бұрқағы атқан Атырау өңірі оның тарихи орталығы болып есептеледі. Мен осы тарихи өңірде 1963 жылы өмірге келдім. Отандық мұнайшылар табы да осы Атырауда қалыптасты. Туған нағашым Омар Өтебаев 1911 жылы Доссор кенішінде мұнай өндірген ағылшындарға жалданып, жұмыс жасаған. Оған кейін інілері Қали, Құби және Сафи келіп қосылған. Атамның келжесі інісі Сафи Өтебаев қазақтан шыққан тұңғыш жоғары білімді мұнайшы өкөндігі белгілі.

— Сіздің өндірістегі алғашқы қадамдарыңыз ел өндірісіндегі аса бір ауыр кезеңге тұспа-тұс келген еді. Сіз институт бітірген жылдары Горбачевтің қайта құруы басталды.

бастаған кезі. Сонда да болса, «кешпіңнен судан тайыпбас» деген, мен өз институтымды аспирантура-расына түсуге тәуекел еттім. Ата-анам бұл кезде зейнет-керлікке шыққан кезі, олар бір ауыздан жотасып. Сөйтіп 1991 жылдың 15 қарашасында мен И.М. Губкин атындағы мұнай және газ институтының аспиранты атандым. Аспирантурада 4 жыл оқып, мен «Мұнай кендерін игеруде аз пәтжесі коллекторларға су айлау тиімділігін бағалау методикасы (Жетібай кенорының 8 көкжиегін пайдалану үлгісінде)» деген тақырыпта кандидаттық қорғадым. Қай жағынан да оңай болған жоқ. Қаржы жинаған қиындық болды, сондықтан қосымша түрлі жұмыс жасауға тура келді. Геология-минералогия ғылымдарының кандидаты деген атаққа қоса мен халықаралық стандартқа сәйкес геология саласындағы философия докторы деген сертификатқа ие болдым.

1995 жылы мен туған қалама оралдым. Сол жылдың 17 тамызында ҚазНИПИМұнайдың Өзен

Қарақия, Алағөбе кенорындарын геологиялық және гидродинамикалық модельдеу тобының жетекшісі болдым. Азырағай уақыт «Ғылыми-өндірістік орталық» ЖШС-інде кенорындарды оңтайландыру мен сараптау тобына жетекшілік еттім. Мұнда біздің топ Жетібай, Шығас Жетібай, Қаламқас кенорындарын «Progress» бағдарламасында, «Mapping», «Engineering», «Simulation» модульдерінде геологиялық және гидродинамикалық модельдеумен айналыстық. Содан кейінгі кезеңде «Өзенмұнайгаздың» инженерлік орталығында мұнай-газ кенорындарының зертханасының меңгерушісі болдым. Онда біз Өзен кенорынын, Шығас Өзен, Ақтас, Батыс Төтег, Тасболат газоконденсатты кенорындардың ағылшындарға жағдайын сараптаумен айналыстық. 2002 жылдың басынан мен «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясындамын. Қазіргі таңда мен геология және кенорындарды пайдалану департаментінің Геология және жобалық құжаттарды жүргізу бөлімінің бастығы болып қызмет жасаймын.

— Сіз басқаратын бөлімнің негізгі қызметі қандай?
— Біздің бөлім кенорындарды игерудің жағдайын бақылайды. Негізгі көрсеткіштерді, олардың жобалық және нормативтік көрсеткіштерге сәйкес келуін бақылаймыз, сондай-ақ табиғатты қорғау заңдарының, нормаларының және ережелерінің геологиялық-барыну және кеніштің-геофизикалық жұмыстар кезінде сақталуын қадағалаймыз. Жер қойнауларын қорғау талаптарының Қазақстан заңнамаларына сәйкес орындалуын қадағалаймыз. Жер қойнауларын пайдалануға, қойнауларды зерттеуге және мұнай өндіруге сұраныстарды жасайтымыз, т.т.

Өз өкөм Салмажан Асылханов та өзі өскен белгілі мұнайшы. Ол Мәскеудегі атықты И.М. Губкин атындағы мұнай және газ институтын, ал анам Роза Омарқызы Өтебаева Саратов қаласындағы мұнай техникумын бітірген. Олар туғандарынан мұнайдың иісін білген өскен жандар, сондықтан өз ғұмырларын да мұнай өндірісіне арнап, сонда зейнеткерлікке шыққанға дейін жасаған. Өкөм де, анам да көп жылдар бойы «Маңғыстаумұнайгаз» мекемесінде жұмыс істеген. Өкөм 1984 жылы ғылым мен техника саласында берілетін Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атағын иемденді. Ол көптеген технологиялық жаңалықтар мен өнертапқыштық идеялардың авторы, Өзен кенорының тиімді пайдалану жөнінде, оның ақтуальды проблемалары туралы газет беттерінде көп жазды. Зейнеткерлікке шыққан Шахмардан Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар мен инженеринг университетінде студенттерге дәріс берді, оларға қазақ тіліндегі оқулықтардың тапшылығын ескеріп, оқулық кітап жазды.

— Алма, дегенмен де, мамандық таңдауда ата-анаңыздың ықпалы көбірек болды ма, әлде бұл өзіңіздің саналы түрде жасаған қалауыңыз ба?

— Алма, дегенмен де, ата-анаңыздың ықпалы көбірек болды ма, әлде бұл өзіңіздің саналы түрде жасаған қалауыңыз ба?



— Алма, сіздің саналы ғұмырыңыз Қазақстанның тәуелсіздік алып, өсіп-өркендеуімен қатар өтіп жатыр. Ел тәуелсіздігінің 20-жылдық мерейтойына байланысты газет оқырмандарына, әріптестеріңізге қандай тілек айтар едіңіз?

— Қазақстан 20 жыл ішінде бірталай жетістіктерге жетті. Бұл менің ғана пікірім емес — мұны бүкіл әлем мойындап отыр. Біздің болашаққа деген үмітіміз, сенімдіміз мықты. Оқырмандарға, өзіннің әріптестеріне айтарым — ортақ мереке құтты болсын! Қашан да еліміздің көк байрағы аспанда желбірей берсін! Аман болайық! Жер асты байлығы халық игілігіне жырсын!

Тойған ТАСҚЫНБАЕВА

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

60 жас

Баужанов Аманқос, 05.12.1951 ж. ТД, 4-дәрежелі автокөлік жүргізушісі

55 жас

Волосова Ирина Петровна, 14.12.1956 ж. маркетинг және мұнай өткізу департаменті, қоймашы
Посошкова Лидия Иосифовна, 26.12.1956 ж. ӘМЖӘДД, әкімші

50 жас

Аталықов Қуанышқали Атшыбайұлы, 03.12.1961 ж. «ҚМГ» ӨБ МГӨЦ-1 мұнай және газ өндіру операторы
Қарақұшқова Бақыт Бохышқызы, 04.12.1961 ж. «ЖМГ» ӨБ ТУПЦ котельный операторы
Шутьева Людмила Алексеевна, 08.12.1961 ж. Басқарма, өндірістік және қызметтік жайларды тазалаушысы
Сариев Жаңбырбай Қанатұлы, 24.12.1961 ж. «ҚМГ» ӨБ ГӨ, ДжТЦ, мұнай және газ өндіру операторы
Ешімов Мырат Баянбекұлы, 25.12.1961 ж. «ҚМГ» ӨБ ГӨ, ДжТЦ, мұнай және газ өндіру операторы
Нұрбасов Іргебай Шынжырбекұлы, 26.12.1961 ж. «ҚМГ» ӨБ, ЖСКҚУ, инженері
Төлендиева Әлима Құбашқызы, 13.12.1961 ж. «ЖМГ» ӨБ МГӨЦ-2 мұнай және газ өндіру операторы
Шанаев Нұржау Кенжебекұлы, 12.12.1961 ж. Қауіпсіздік қызметі, ауысымның бас сақшысы
Есқалиева Жұмагүл Қызылгүлқызы, 16.12.1961 ж. ӘМЖӘДД, өндірістік және қызметтік жайларды тазалаушысы
Еділбаева Гүлзат Мұқатқызы, 16.12.1961 ж. ӘМЖӘДД, мейірбике
Есетов Сембай Бүркітұлы, 18.12.1961 ж. ТД, 4-дәрежелі автокөлік жүргізушісі
Жарасова Сұлушап Дәрібайқызы, 27.12.1961 ж. ТҚ, еңбек және ҚОҚД, топ жетекшісі

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН!

Филиал	- Филиал
Представительство	- Өкілдік
Доверенность	- Сенімхат
Долговая расписка	- Борыштық қолжат
Научная документация	- Ғылыми құжаттар
Инвентарные книги	- Түгендеу кітаптары
Перечни разработок	- Әзірлемелер тізімі
Описи единиц хранения (дел)	- (Істерді) сақтау бірлігінің тізімі
Каталоги	- Каталогтар
Картотеки	- Картотекалар
Исторические справки	- Тарихи анықтамалар
Научно-справочный аппарат	- Ғылыми-анықтамалық аппарат
Систематический каталог	- Жүйелік каталог
Предметно-тематический каталог	- Мәндік-тақырыптық каталог
Объектный каталог	- Нысандық каталог
Географический каталог	- Географиялық каталог
Официальные документы	- Ресми құжаттар
Оформление протокола	- Хаттаманы ресімдеу
Первичные бухгалтерские документы	- Бастапқы бухгалтерлік құжаттар
Исправления в документах	- Құжаттардағы түзетулер
Юридическая проверка документов	- Құжаттарды заңдық тексеру
Систематизация документов	- Құжаттарды жүйелеу
Конструкторская документация	- Жобалық құжаттамалар
Технологическая документация	- Технологиялық құжаттамалар
Научно-исследовательская документация	- Ғылыми-зерттеу құжаттамалары
Патентная документация	- Патенттік құжаттамалар

Тәуелсіз Қазақстан

Мына заман біздерге қандай заман?
Тәуелсіздік қазағым алған заман.
Көй үстіне бозторғай жұмыртқалап,
Егемендік еліме келген заман.

Балауса жас жігіттей аяқ басқан,
Жырыма жыл егемендік қырды асқан.
Желбіреп көк байрағым кең жеріме,
Тәуелсіздік еліме нұрын шапқан.

Еңбегі елбасының зор орасан,
Дәлділігіміз көзінде шешім ташқан.
Халқымыз әл-ауқатын көтерем деп,
Қаншама жоспарларды орындаған.

Елбасының тікелей қолдауымен,
Еліміз Астанасы жоспарға енген.
Астананың келбеті ертегідей,
Бой көтерді Сырарданың төрінен.

Еліміз көп ұлттан құралды,
Тату-тәтті ынтымағы жарасқанды.
Отанымыз Тәуелсіз Қазақстан,
Халқымыз ұлтаралық жарасымды.

Қазақ халқы тамыры терең еді,
Тарихтың шежіресі талдап берді.
Көп түркі енші алып тарасқанда,
Атажурты қазағым иеленді.

Халқымыз қаншама рет зұлмат көрген,
Аптаршылықта кейбір елден кеткен.
Солақай саясаттың бұйрығымен,
Миллиондаған адамдарды құрбан еткен.

Қиялдыққа елден кеткен ағайынды,
Көші-қон заңдары қабылданды.
Келіп жатыр қазағым Отанына,
Қуанышпен ағайын, көш келсін!

Астана мен Алматыда жарыс өтті,
Қысқы Олимпиада ойынын қабылдады.
Барлығы жетпіс түрде жүлде алып,
Алтыннан отыз екі алқа тақты.

Тәуелсіз көк байрағым желбіреді,
Еліміз ЕҚЫҰ-ға мүше болды.
Астананың төрінде Саммит өтті,
Төрағалық жүргізген елбасы еді.

Жырыма бес жыл өткенді желтоқсанға,
Үлдеуменен жастарым пылқы алаңға.
Жан аймай қазағым елім деген
Еске алайық ерлігін бүгін таңда.

«Ақтабан шұбырмынды...» бастан өткен
Жоңғарлар жерімізге басып кірген.
Бүкіл қазақ бірлігі үстем болып,
Аңғарақай соғысында жау тежелген.

Қожаберген жырауым жыр шығарған,
Елім-ай дастанында атап айтқан.
Торғаулы, Жоңғар, Ойрат боп қалмақ,
Орыстар мен қытайлар айдап салған.

Тарихта бұл шындықты бөрің жазған,
Жоңғарлардың біраз жерді отарлаған.
Хан, батыр, билерінің ақылмен,
Ерлікпен жерімізді азат еткен.

Еркіміз Ресейге бодан болды,
Жармақтың соғысынан басталған-ды.
Орыстың ғасырлық саясаты,
Отарлық бұғауға ілдірген-ді.

Қаншама жыл бодандыққа іліккен,
Жеріне байлығымыз көзін тіккен.
Сақтаған елдігімізді атам қазақ,
Қорғалған бұл жеріміз бізге жеткен.

Таныды бүкіл әлем елімізді,
Мәртебесін Астанам бәр көтерді.
Тәуелсіздік еліміздің еңбегімен,
Елу елінің қатарына көтерілді.

Елбасының халқымызға Жолдаулары,
Сенеміз жемқорлықты құрықтайды.
Елбасының көрсеткен сара жолы,
Еліміз болшағын анықтайды.

Байлығы кен жеріміздің жетер деймін,
Халқымыз игілігін көрер деймін.
Болашақ келе жатқан ұрпағымыз,
Көрсеткен сара жолмен жүрер деймін.

Тіпсімін бар байлықты Отаныма,
Тұғырың биік болсын жер жаянда.
Халқымен қуанышқа тола берсін,
Мәңгілік бақыт күні бола берсін.

Жұмабаев Дүйсебай «ОТК» ЖШС-І, БТКБ



Мұнайлы Олке

Меншік иесі:
"Маңғыстаумұнайгаз" АҚ
Редактор: Есензар Сұлтанов
Редакция алдасы: А.Ақшаева
М.Абдуллаева
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:
130060, Ақтау қаласы
6 ш.а., № 1 үй,
телефон:
211-736, 211-734

Газет айына 1 рет
шығады.
Тегін таратылады

Газет ҚР
Мәдениет және
апарат
министрлігінде
өсетке
қойылып,
№ 9675-Г
күенлігі берілген

■ Газет жарияланымдарындағы
автор пікірі редакцияның
көзқарасын білдірмейді
■ Редакция оқырман хаттарына
жауап бәрмейді және оны
қайтармайды
■ Жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға
болмайды

Газет АҚ-ның
жұртшылықпен
байланыс тобы-
ның компьютер-
рінде тәрліп,
беттелді.
Индекс: 64265
Таралымы: 1500

"Маңғыстау-
Полиграф" ЖШС
баспаханасында
басылды.
Ақтау қаласы,
22 ш.а.
Телефоны: 805239
Телсырысы:
736